

ELEMENT

FOR THE

Бір білместіктің бүлдіргісі немесе қазақтар қалай кезінде «қырғыз» атанды?



Біз екі ғасырдан бері айтылып-жазылып келе жатқан бұл мәселенің жай-жапсары тарихтан титтей хабары бар кез келген адамға белгілі ғой деп ойлап жүруші едік. Бірақ қазіргі күндері бірқатар әлеуметтік желілерде әредік қозғалып, тағы бір бұқаралық ақпарат құралдарында сөз болып қалып жатқанына қарағанда, әлі де арамызда мұның жай-күйін жете білмейтіндер жеткілікті екенін пайымдауға болады. Сондықтан бұл тақырыпқа біздің де бір тоқталып өтуімізге тура келіп отыр.

Бұған жақында «Экспресс К» газетінде әріптесіміз Ерік Әубәкіровтің «Қазақтар қалай қателікпен қырғыз атанды?» деген мақаласы тағы бір себеп болды. Онда автор Ыстықкөлге Қазақстаннан барған кез келген кісіге жергілікті тұрғындар қазақтар бір кездері қырғыз атанған, басында ешқандай да Қазақстан болмаған, ол «Қырғыз КСР» аталған деген сарында сөз қопсыта бастайтынын жазады. Алайда, журналист дәл сол кезде қырғыздардың өздері қырғыз емес, «қара қырғыз» деген аттың шылауында жүргені жөнінде бір ауыз ләм-мим демейді.

Иә, 1925 жылға дейін ресейлік ориенталистердің жазуында, ресми құжаттарда бұл екі халықтың бірі – «қырғыз», екіншісі «қара қырғыз» атанып келгені рас. Патша ағзамның бодандары қазақты «киргиз» деп, өздерінше кемітіп атаған болса, таза қырғыздардың өздерін тіпті бұдан да төмендетіп,

«черные киргизы», «кара киргизы», «докаменные киргизы», «дикие киргизы» атандырған. Дегенмен, осы ортада бұл атаулардың бәрінің шындыққа жанаспайтынын, олардың қате ұғым екенін жандары шырылдап тұрып, жұртқа жеткізуге ұмтылған озық ойлы азаматтар да аз болған жоқ. Мұны осы өңірлерді зерттеген көптеген орыс ғалымдары ХІХ ғасырдан бастап қағаз бетіне айшықтап түсіріп, талай тарау-тарау еңбектер қалдырған. Айталық, Н.Гродеков өзінің 1889 жылы жарыққа шыққан «Киргизы и Каракиргизы Сыр-Дарьинской области» деген кітабының 1-томында Ресей империясы мен ондағы ғалымдар ұғымындағы қырғыздың кім екенін, кара қырғыздың кім екенін ашып жазып, көрсетіп берген. Ал В.Радлов «Из Сибири. Страницы дневника» деген жазбасындағы «Кара-киргизы» деген мақаласында: «Қазақ-қырғыздардың оңтүстік-шығыстағы көршілері, черные киргизы (кара қырғыздар) өркениеттің дәл осындағыдай деңгейінде тұр», деп атап өтеді. Бұдан әрі ол: «Қара қырғыздар тілі, әдет-ғұрпы, киімі, тұрғын жайлары, сондай-ақ, кәсібі мен тұрмыс салты жағынан қазақтардан қатты ерекшелене қоймайды. Бірақ, кара қырғыздардың бет пішіндері қазақтарға қарағанда басқаша. Мұны мен, әсіресе, 1862 жылы Қарқара өзенінің жанында бұғы руының кара қырғыздарына жолыққанымда анық байқадым. Қара қырғыздардың түрлері маған Алтай тауларындағы қалмақтар мен телеуттерді көбірек еске түсіріп тұрды», деп жазады. Мұндай анықтамалар шығыстанушы ғалымдар А.Левшин мен В.Бартольдтің еңбектерінде де бар.

Орыс оқымыстылары ішінде қазақтарға «қырғыз-қазақ» немесе «қырғыз-қайсақ» атауының қалай таңылғанын барынша талдап жазған, оған өзінің тұтас бір зерттеу еңбегін арнаған А.Левшин болды. Оған сәл кейінірек арнайы тоқталамыз. Ал әзірге қазақ пен қырғыздың өздеріне көпе-көрінеу, көлденең жабысқан атаулардан қашан және қалай құтылғаны туралы бірер ауыз айтып өтейік. Тарихтан белгілі, 1920 жылы тамыз айында Орынбор қаласында құрылтай шақырылып, оның қорытындысымен РСФСР құрамында «Қырғыз Автономиялық Социалистік Кеңестік Республикасы» (АСКР) құрылды. Ол бұл атауға 1925 жылғы 19 сәуірге дейін телінді. Тек осы уақытта орталық Қызылорда қаласына көшірілгеннен кейін ғана біздің ұлтымыз өзінің заңды «қазақ» атына көшіп, құрылымның атауы «Қазақ Автономиялық Социалистік Кеңестік Республикасы» болып алмастырылды. Ал бұл жылдардың бәрінде орталығы Ташкент қаласы болған Түркістан АСКР-інің құрамына қараған көршілеріміз былайғы жұртқа революциядан көп бұрын таңылған «кара қырғыз» атымен белгілі болып келді. Сондықтан 1924 жылғы 14 қазанда бірінші мәрте ұлттық құрылымы құрылған қырғыздар мекені «Қара-Қырғыз автономиялық облысы» деген атқа ие болды. Осы бөліністе бұрынғы Түркістан АСКР-і құрамында болған Жетісудың оңтүстік алқабы мен Ферғана облысының солтүстік-шығыс атырабынан түзілген жаңа автономиялық облыс РСФСР-дың бағыныштылығына кірді. Ол, жоғарыда айтылғандай, қазақтар өздерінің заңды аттарына көшкеннен кейін, 1925

жылдың 25 мамырында ғана «Қырғыз автономиялық облысы» болып атала бастады. Ал 1926 жылғы 18 қарашадан автономиялық республика дәрежесін алды.

Енді қазақтардың аяқ астынан қалай «қырғыз» атанып кетіп жүргеніне келейік. Қазақ аталған ұлыстың XV ғасырда тарих сахнасына шыққаны аян. Дәлірегі, 1460 жылы Шыңғыс ханның ұрпақтары – Жәнібек пен Керей орталығы Сырдың бойында орналасқан «Әбілқайыр ұлысы» (Өзбек хандығы, Қазақ-өзбек хандығы) деп аталған құрылымнан өз жақтастарын бөліп алып кетіп, Шудың алқабындағы Қозыбасы тауы маңайына барып аялдайды. Олар арада 5 жыл өткенде, осы жерлердің меншік иесі болып табылатын Моғолстан билеушісі Есенбұғаның рұқсатымен «Қазақ хандығы» деген мемлекеттік құрылымның іргесін қалайды. Ал өздерін негізгі топтан бөлініп, саяқ, жырақ кеткендіктен, осы сөздерге синоним болып табылатын «қазақ» атауымен атай бастайды. Кейін Ресей империясындағы құжаттарға да біздің ата-бабаларымыз осы өз атауымен түседі. Мәселен, Жоңғарияға барып қайтқан орыс елшісі И. Унковский 1722-1724 жылдары өзінің есеп берген барлық журналдарында жұртымыздың атын тек «қазақ» деп қана жазып тұрған екен.

Бәрін 1734 жылғы бір ерсі, тіпті күлкілі жағдай бұзып кетеді. Сол жылғы қаңтар айында Петербургке Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтан бастаған Кіші жүз қазақтарының делегациясы өздерінің дәрегейге жығылғандарын құжат жүзінде дәлелдеу үшін келеді. Осыған байланысты Ресей астанасында болатын оқиға туралы шұғыл түрде жарнамалық материалдар дайындау қажеттігі туады. Оны әзірлеу «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің тілшілеріне тапсырылады. Шыны керек, ол кездері орыс жеріндегі жұрттың басым бөлігі өздерінің шығыстағы көршілері жөнінде мардымды ешнәрсе біле қоймайтын еді. Тілшілер де солардың қатарынан болып шықты. Олар сосын уақыттың өте тығыз болуына байланысты Голландия көпесі әрі бургомистрі Корнелиуссон Витзеннің содан бұрынырақта Батыс Сібір ойпаты жаққа барып қайтқаннан кейін жазып қалдырған «Солтүстік және Шығыс Тартария» деп аталатын жолжазба кітабынан тұтас үзінділерді тездетіп аударып, көшіріп басуға кіріседі. Олар және кітапты екшелеп қарауға ыждағат қылмай, көздеріне бірінші түскен тарауларын тәржімалауға көшеді. Соның салдарынан қазақтар туралы айтып отырмыз деген болжаммен негізінен Енисей қырғыздары, болашақ хакастар жайындағы деректердің дүрмегіне түсіп кетеді. Сөйтіп, газет тілшісі Витзеннің мәліметінде бұған ұқсас бір сөз болмағанына қарамастан, қазақтардың пайда болу тегін енисейлік қырғыздардан апарып бір-ақ шығарады.

Міне, іс жүзінде осыдан бастап орыс басылымдары мен құжаттарында қазақтарды «қырғыз», «қырғыз-қазақ» және «қырғыз-қайсақ» деп жазу кең өріс алып кетті. Дегенмен, сол заманның өзінде орыс ғалымдары мен зерттеушілері арасында жағдайдың бұлай қалыптасуымен келіспеушілік білдірушілер аз болған жоқ. Айталық, қырғызды қазақпен шатастырмау керек екенін бірінші рет 1750 жылы академик Г.Миллер атап тұрып жазды. Ал орыс саяхатшысы Х.Барданес 1771 жылы қазақтар туралы арнайы жүргізген тарихи-этнографиялық қолжазбасында халқымыздың атын «қазақ» деп тайға таңба басқандай етіп көрсетті. Өзінің еңбегін «Қырғыз немесе қазақ географиясы» деп атаған ол «қырғыз» деген терминнің бұл ұлтқа мүлдем үйлеспейтінін, себебі, олар өздерін ешқашан «қырғыз-қайсақ» деп атамағанын, оның орнына «мен – қазақпын» дейтінін атап көрсетеді. Осы кезеңдері қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов та туған ұлтының атауын қалпына келтіру жолында айтарлықтай тер төкті.

Бұл зерттеушілерден кейін де бұл тақырыпқа арнайы тоқталған зерттеушілер аз болмады. Солардың ішінде сүбелі зерттеу еңбегін арнаған А.Левшин еді. Оның «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларын суреттеу» деген жұмысы негізінен осы тақырыпқа арналды. Ол мұны нағыз қырғызды кәдімгі қазақтан ажыратып алу тәсілімен жасады. Осы еңбегін: «Біз өзіміздің қырғыз-қайсақты тарихи суреттеуге кірісер алдындағы бірінші міндетіміз Еуропаның оған таңып отырған атының мүлдем бөгде атау болып табылатынын, оны ресейліктерден басқа көршілерінің бірде-бірі олай атамайтынын айтудан тарқатқанды жөн көреміз», – деп бастаған ғалым бұдан әрі расында шығыста «қырғыз» деген жұрттың бар екенін, бірақ бұлардың «қара қырғыз», «тас дәуірі қырғызы» және «бурут» деген атаулары бар болып саналатынын анық айғақтап өтеді. «Ал қайсақ немесе қасақ «қазақ» атының бұзылып алынған түрі, кейбір шығыс жазушыларының куәлік етулерінше, оның тарихы Христостың туған кезінен де арыға кетеді», – деп жазады сосын. Оқымыстының баяндауынша, «осылайша өздеріне таңылып кеткен өзгермелі атаудағы қазақтарды нағыз қырғыздардан айыру үшін бұлардың соңғылары, жоғарыда айтылғандай, «қара қырғыздар» («жабайы қырғыздар», «буруттар») атала бастады». Бірақ зерттеушілер тарапынан «қазақ» атауын қалпына келтіру турасында қаншама ұсыныстар мен пікірлер айтылып жатқанына қарамастан, орыс патшалығы бұған оншалықты құштар бола қойған жоқ. Себебі, патша үкіметіне, А. Левшиннің жазуынша, ендігі жерде «қырғыз» терминін қолдана беру қолайлы көрінген. Бұл бір жағы сол замандары империяның оңтүстік өңірлердегі иеліктерінде пайда болып жатқан, кешегі крепостной шаруалар құрамынан қашып шығып, өздерін «қазақ» атаған сословиеден ажырату үшін де керек болған. Екіншіден, бұратана саналған халықты кемсітіп ұстау да қаперден шықпаған.

Халқымыздың «қазақ» деген түп атауына Қазақстан автономиялық республика мәртебесін алған кезде ғана заңды қолын жеткізгенін жоғарыда сөз еттік. Осы жерде айтылмаса атасы өлетін тағы бір жайт, ұлтымыз атауын қалпына келтіруде сұңқар ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болды. Сол жылдары Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы, яғни Үкімет басшысы болып тұрған ол «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы 15 ақпанда шыққан № 66-нөміріне «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген тарихи мақаласын жариялады. Мақала соңына «Манап Шамиль» деген бүркеншік атын қалдырған Алаш ардақтысы онда: «Қазақстанның орталық хукіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығаруы керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік», – деп бәрін бірден ашып жазды. Оның бұл бастамасын басқа қайраткерлер қолдап әкетті. Соның нәтижесінде 1925 жылы өткен Кеңестердің V съезінде Қырғыз КСР-ы – Қазақстанға, ал ондағы негізгі ұлт қырғыздан қазаққа алмастырылып, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді.

Қазақтың аяқ астынан, күтпеген жерден және тіпті ешбір себепсіз қалай қырғыз атанып кеткені жайындағы әңгімеге байланысты біздің қысқаша айтқымыз келгені осы.